КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 қаңтар №7527-23-00-2/15893 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Жүсіпбекованың төрағалық етуімен, қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Жанадилов» Жанадилов Шалқар Мусаевич жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалдық кодексінің 222-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

шешім етті :

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талабы - қанағаттандырылсын.

«Жанадилов» Жанадилов Шалқар Мусаевич жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жанадилов» Жанадилов Шалқар Мусаевич жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жусупбекова Б. Б., 26.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Жусупбекова Б. Б., 13.03.2024

7527-23-3-1/19337

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.Б. Жүсіпбекова

Құжатқа қол қойылған: Жусупбекова Б. Б., 26.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Жусупбекова Б. Б., 13.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство